



## 2021-2022 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН «ТЕРЕҢҚӨЛ АУДАНЫНЫҢ АГРАРЛЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ» КМҚК ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕСІ

### 1. Жалпы ережесі

1. Осы 2021-2022 оқу жылына арналған «Тереңкөл ауданының аграрлық-техникалық колледжі» КМҚК оқуға қабылдау ережесі, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 қаулысымен бекітілген техникалық және кәсіби білім берудің кәсіби оқу бағдарламасын іске асыратын білім беру үйымдарына оқуға қабылдау Үлгілік Қағидалары, ҚР БФМ 2021жылғы 4 маусымдағы «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы «Техникалық және кәсіби білім берудің бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына оқуға қабылдау Үлгі қағидаларын бекіту туралы» № 578 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» № 276 бұйрығы, ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 13 қарашадағы «"Еңбек" 2017 – 2021 оқу жылына арналған нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсінкерлікті дамыту мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» №746 қаулысы, ҚР БФМ 2018 жылғы 26 қарашадағы ««Мәңгілік Ел жастары-индустрияға!» («Серпін») жобасы бойынша техникалық және кәсіби білім беру, қысқа мерзімді кәсіби білім беру кадрларын дайындауды , еңбек ресурстары мен қыскартылған қайта даярлауды үйымдастыру және қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» № 646 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 27 қыркүйектегі «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 26 қарашадағы ««Мәңгілік Ел жастары-индустрияға!» («Серпін») жобасы бойынша техникалық және кәсіби білім беру, қысқа мерзімді кәсіби білім беру кадрларын дайындауды , еңбек ресурстары мен қыскартылған қайта даярлауды үйымдастыру және қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» № 646 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" № 425 бұйрығы, Павлодар облысы әкімдігінің 2015жылғы 28 мамырдағы № 153/5 қаулысымен бекітілген «Техникалық және кәсіби білім беру, орта білім беруден кейінгі үйымдарына құжаттарды қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсету стандарты және регламенті негізінде Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім беру туралы» (2021 жылғы 31 наурыздағы жағдайы бойынша өзгерістер мен толықтырулармен) Занына сәйкес оқуға қабылдау тәртібін белгілейді.

2. «Тереңкөл ауданының аграрлық-техникалық колледжі» КМҚК-га Қазақстан Республикасының азаматтары, шетел азаматтары және азаматтығы

жоқ тұлғалар, негізгі орта (негізгі жалпы), жалпы орта (орта жалпы), техникалық және кәсіптік (кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі, жоғары (жоғары кәсіптік) білімі бар тұлғалар, сондай-ақ білім беру туралы құжатпен (куәлік, аттестат) ерекше қажеттіліктері бар тұлғалар қабылданады.

Конкурс негізінде мемлекеттік білім беру тапсырымасына сәйкес тегін техникалық және кәсіби білім беру Қазақстан Республикасының азаматтарына және осы деңгейдегі білімді алғашқы рет алып жатқан азаматтығы жоқ тұлғаларға беріледі.

Шет ел азаматтары конкурс негізінде мемлекеттік білім беру тапсырымына сәйкес тегін техникалық және кәсіптік білім алу Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен айқындалады.

3. «Теренкөл ауданының аграрлық-техникалық колледжі» КМҚҚ оқуға түсү кезінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 26-бабы 8-тармағымен анықталған тұлғаларды қабылдауға арналған квота көзделеді:

1) I, II-топ мүгедектер қатарына жататын азаматтарға, балалық шақтан мүгедектерге, мүгедек балаларға;

2) Ұлы Отан Соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша тұлғаларға;

3) ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын мамандықтар бойынша ауыл жастары арасынан келген азаматтарға;

4) Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазак адамдарға;

5) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, сондай-ақ кәмелетке толғанға дейін ата анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтарына;

6) Қазақстан Республикасы Үкіметімен анықталған өзге өнірге кошкен ауыл жастары қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары;

## **2. Техникалық және кәсіптік білім беру оку бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымына оқуға қабылдау тәртібі**

**Құжаттарды қабылдауды ұйымдастыру және түсү емтихандарын өткізу**

4. **«Теренкөл ауданының аграрлық-техникалық колледжі» КМҚҚ 2021 жылғы 11 мамырдағы № 74-н бұйрығына сәйкес тұлғалардан оқуға түсуге өтініштеріп қабылдау, түсү емтихандарын өткізу және оқушылар құрамына қабылдау 1 маусымнан бастап жұмысқа кірісетін қабылдау комиссиясы құрылды.**

Қабылдау комиссия құрамына қамқоршылық кеңесінің (болмаған жағдайда-жұмыс берушілердің өкілдері), қоғамдық ұйымдардың және білім беру ұйымдарының өкілдері кіреді.

Комиссия мүшелерінің ішінен жауапты хатшы және техникалық хатшылар тағайындалады.

2021-2022 жылды оқуға қабылдау жұмысы келесі мамандықтар бойынша жүзеге асырылады:

- 9 сыйнып негізінде 07161600 Ауыл шаруашылығын механикаландыру 3W07161603 Ауылшаруашылығы өндірісінің тракторшы-машинисі біліктілігі, 3W07161601 Жөндеуші-слесарь;

- 9 сыйнып негізінде 07150500 Дәнекерлеу іci (түрлері бойынша) 3W07150501 Электргазымен дәнекерлеуші біліктілігі.

5. Вопросы организации работы приемной комиссии КГКП «Тереңкөл ауданының аграрлық-техникалық колледжі» КМҚК қабылдау комиссияның тұлғаларды өнірге шығып оқуға қабылдау бойынша жұмысын ұйымдастыру мәселесі тиісті саланың уәкілетті органымен келісім бойынша шешіледі.

6. Нәтижелері туралы ақпарат оқудың күндізгі нысанына түсетін оқуға түсушілердің назарына 31 тамызға дейін ақпараттық стендерге орналастыру жолымен немесе білім беру үйімінде интернет ресурсы арқылы жеткізіледі.

7. Тұлғалардың "Тереңкөл ауданының аграрлық-техникалық колледжі" КМҚК-ға оқуға тұсу туралы өтініштерін қабылдау кадрларды бұқаралық кәсіптер мен неғұрлым күрделі (аралас) кәсіптер бойынша даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білім беру бойынша оқу бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады - 25 маусымдан бастап 25 тамызға дейін.

8. Оқуға түсетін тұлғалар білім беру үйіміна оқуға қабылдау туралы өтініштеріне білім туралы құжаттың тұпнұсқасын, флюорография қағазы бар (I және II топтағы мүгедектер үшін № 088-У нысаны бойынша медициналық-әлеуметтік сараптама қорытындысы бар бала жасынан мүгедектер) № 075-У нысаны бойынша медициналық анықтамасын, 3x4 мөлшерлі 4 дана фотосуретін қосымша тапсырады.

Жеке басын куәландыратын құжаттарды оқуға түсушінің (жеке басын сәйкестендіру үшін) өздері, ата-аналары немесе заңды өкілдері береді.

Шетелдіктер және азаматтығы жоқ тұлғалар олардың мәртебесін айқындайтын, тұрғылықты жері бойынша тіркеу туралы белгісі бар құжаттарын ұсынады:

- 1) шетелдік - Қазақстан Республикасында шетелдіктің тұру куәлігі;
- 2) азаматтығы жоқ тұлға - азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігі;
- 3) босқын - босқын куәлігі;
- 4) баспана іздеуші тұлға - баспана іздеуші тұлғаның куәлігі;
- 5) қандас - қандас куәлігі.

Оқуға түсушілерден түскен өтініштер оқытудың нысандары бойынша білім беру үйімінде тіркеу журналдарына тіркеледі.

9. бұқаралық кәсіптер мен неғұрлым күрделі (аралас) кәсіптер бойынша кадрлар даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білім берудің оқу бағдарламалары бойынша оқудың күндізгі нысанына түсетін тұлғалар үшін әнгімелесу - 28 тамыздан бастап 31 тамызға дейін өткізіледі.

10. Бірыңғай талаптарды сақтауды қамтамасыз ету және тест

тапсырмалары (сұрактары) мен пәндер емтихандарын бағалау кезінде даулы мәселелерді шешу және түсушілердің құқығын қорғау мақсатында білім беру үйымы апелляциялық комиссиясын күрды.

Апелляциялық комиссияның құрамы тестіленетін пәндері бойынша техникалық және кәсіптік білім беру үйымдарының педагогикалық қызметкерлері қатарынан қалыптастырылады. Апелляциялық комиссияның құрамы мүшелердің тақ санынан тұрады. Апелляциялық комиссия құрамынан мүшелерінің көпшілік даусымен төраға сайланады. Хатшы апелляциялық комиссияның мүшесі болып табылмайды.

Апелляцияға берілетін өтініш келесі күнгі сағат 13.00-ге дейін әнгімелесудің нәтижелерін жариялағаннан кейін апелляциялық комиссияға тапсырылады және апелляциялық комиссиямен өтініш берушінің қатысуымен бір күн ішінде қаралады.

Апелляциялық комиссия шешімі егер мәжілісте кемінде оның құрамының үштен екісі қатысса заңды болып есептеледі. Апелляциялық комиссияның шешімі отырыс қатысушыларының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда апелляциялық комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы хаттамалармен ресімделеді және төраға мен апелляциялық комиссияның барлық мүшелерімен қол қойылады.

### **3. Білім алушылар құрамына қабылдау**

12. бұқаралық кәсінтер мен негұрлым күрделі (аралас) кәсіптер бойынша кадрлар даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білім берудің оқу бағдарламалары бойынша білім алушылар құрамына қабылдау – 28 тамыздан бастап 31 тамызға дейін іріктеу негізінде, негізгі орта немесе жалпы орта білім беру туралы құжаттарда көрсетілген бейіндік пәндер бойынша бағалары және әнгімелесу нәтижесі ескере отырып жүргізіледі. Иріктеу шарттарын білім беру үйымдары айқындаиды.

13. Білім беру үйымына қабылдау жеке кәсіптер, мамандықтар бойынша қабылдау комиссияның ашық отырысында жүргізіледі.

**4. 2017 -2021 жылдарына арналған «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту мемлекеттік бағдарламасы бойынша техникалық және кәсіби білім беру кадрларын дайындауды үйымдастыру.**

14. «Тереңкөл ауданының аграрлық-техникалық колледжі» КМҚК келесі мамандықтар бойынша құжаттарды қабылдайды:

- 9-11 сынып негізінде 10130300 Тамактандыруды үйымдастыру 3W10130302 Аспаз, 3W10130301 Кондитер-безендіруші, 4S10130303 Технолог біліктілігі.

15. Бағдарламаның қатысушылары 9-11 сынып түлектері, оқу орындарына түспеген тұлғалар, жұмыс іздеушілер, өмірлік қызын жағдайда жүрген және аз қамтылған отбасы мүшелері, сондай-ақ Қазақстан

Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де санаттағы азаматтары болып табылады.

16. Құжаттарды қабылдау аудандық (қалалық) деңгейдегі білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдармен берілген жолдамалары негізінде жүзеге асырылады.

17. Оку орнына өтініш берген кезде үміткерлер келесі құжаттарды тапсырады:

- жеке басын қуәландыратын құжаттың көшірмесі;
- білімі туралы құжат (аттестат, қуәлік, диплом);
- 086-У нысанына сәйкес денсаулық жағдайы туралы анықтама;
- әлеуметтік көмек көрсетілетін (бар болған жағдайда) азаматтардың санаттығын растайтын анықтама;

Жеке басын қуәландыратын құжаттарды үміткердің өздері, не ата-аналары немесе занды өкілдері береді.

18. Топтарды іріктеу 20 маусымнан 20 тамызға дейін өткізіледі.

19. Бағдарлама қатысушыларын қабылдау оку орнының басшысымен жүзеге асырылады.

20. Тегін оқытылады.

Қабылдау комиссияның жауапты хатшысы stical Р.Е. Токабаева